**Ойыл ауданы, Көсембай негізгі мектебі**
**2022 – 2023 оқу жылындағы аға тәлімгердің «Мектеп / студенттік парламент» білім алушылардың өзін-өзі басқару органдарын дамыту тұжырымдамасын іске асыру үшін атқарылған іс-шаралар жоспарының талдау жұмысы.**

Білім беру мен ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес «Мектеп / студенттік парламент» білім алушылардың өзін-өзі басқару органдарын дамыту тұжырымдамасын іске асыру үшін атқарылатын 2022 – 2023 оқу жылының іс шаралар жоспары құрылды. 2022-2023 оқу жылының өзін-өзі басқару ұйымының жүргізілген жұмыстары зерделеніп, сараптама жасалынды. Еліміздің мүддесін ойлайтын, экономикалық бәсекелестікке қабілетті, білім мен өнерге құштар, елінің тарихын білетін, тілін, дінін, әдет ғұрып, салт- санасын қастерлейтін, еңбекқор да, салауатты, адами құндылықтар бойына қалыптасқан, әділетті, қайсар тұлғаны өзін- өзі басқарту арқылы қалыптастыру мақсатында мектептегі тәрбиенің кешенді–мақсатты бағдарламасын басшылыққа ала отырып, мектебімізде өзін – өзі басқару ұйымы құрылып, жұмыс істеуде.

2022 – 2023 оқу жылында «Мектеп / студенттік парламент» білім алушылардың өзін-өзі басқару органдарын дамыту тұжырымдамасын іске асыру үшін атқарылатын іс шаралар өткізілді. Мақсаты: Балалар мен жастардың табысты әлеуметтенуі және өзін-өзі тиімді жүзеге асыруы үшін жағдай жасау, сондай-ақ туындайтын мәселелерді білім алушылардың өз бетінше шешуі үшін мүмкіндіктер жасау.
Парламент міндеттері:
1) білім алушылардың шығармашылық белсенділігін және өз бетінше әрекет етуін іске асыру;
2) білім алушылардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға, оның ішінде білім беру, әлеуметтік-тұрмыстық және олардың мүдделерін қозғайтын өзге де мәселелерді шешуге көмек көрсету болып табылады;
3) білім беру ұйымының басшылығына білім беру және ғылыми міндеттерді шешуде, білім алушылардың бос уақыты мен тұрмысын ұйымдастыруда, салауатты өмір салтын насихаттауда көмек көрсету;
4) білім беру ұйымдарына білім беру және тәрбие процесі шеңберінде өткізілетін іс-шараларға көмек көрсету;
5) білім беру ұйымының рухы мен дәстүрлеріне патриоттық қатынас жасауға, білім алушылардың санасын және олардың өз білім деңгейіне талап етуін арттыруға, мүлікке ұқыпты қарауға тәрбиелеуге бағытталған жұмыстар жүргізу;
6) білім алушыларды білім беру ұйымының қызметі туралы хабардар ету;
7) қазақстандық қоғамды дамытудың нақты күші және стратегиялық ресурсы ретінде балалар мен жастар туралы қоғамдық пікір қалыптастыруға қатысу;
8) балалар мен жастардың қоғамдық маңызы бар бастамаларын іске асыруға көмек көрсету болып табылады.

9. Білім беру ұйымдарында Парламент қызметі өңір мен білім беру ұйымының ерекшелігін ескере отырып айқындалатын басқа да міндеттерді шешуге бағытталған.

Оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымының негізгі мақсаты – оқушылардың мектепті басқаруға қатысу құқықтарын жүзеге асыру, жарқын ұйымдастырушылық қасиеттері бар жеке тұлғаны тәрбиелеу, өз бетімен шешім қабылдай алатын, жауапты және тәртіпті, дербес таңдау жасауға дайын, белсенді өмірлік ұстанымы қалыптасқан қабілетті көшбасшы тәрбиелеу болып табылады.
Ұйымдастырылатын шаралардың негізгі бағыттары спорт, әлеуметтік жұмыс, мәдени, жауапкершілікті арттыруға, тұтынушылық қатынас жоюға негізделген. Ұйым құрамындағы әрбір оқушы өз бағытының үздігі. Жұмыс жасау барысында біз оқушылардың мүдделерін қорғап, ойларын ескереміз. Мектеп өмірінің қызықты, әрі әсерлі өтуі өзін- өзі басқару ұйымының белсенді жұмыс жасауына тікелей байланыста. Бұл бағытта аянбай еңбектеніп, үнемі жаңашылдыққа ұмтылуымыз қажет!

- Мектеп оқушыларын біріңғай өзін-өзі басқара алатын, өзіне-өзі сенімді тұлға болуға тәрбиелеу.
- Қазақстан Республикасының Конституциясын құрметтеуге, мектеп ережесінің талаптарын бұлжытпай орындауға үйрету.
- Оқушылардың зияткерлік және шығармашылық тұлғалық қасиеттерін дамыту. Жоспарға сәйкес іс-шаралар, ұйым мүшелерінің отырыстары, байқаулар, акциялар жүргізіліп отырылды. Атап айтқанда:

2022 жылдың 10-қыркүйек күні мектептегі өзін-өзі басқару Президентін сайлау және әр жұмысқа жауапты, белсенді министр сайлауы өтті

Өзін – өзі басқару - *Балалар мен жасөспірімдердің және үлкендердің жалпы адамзаттық құндылықтарға бағыттаған, мүшелерінің қызығушылықтарын, құқықтарын қорғайтын,өз бетімен ерікті, қоғамдық бірлестік.* Еліміздің мүддесін ойлайтын, экономикалық бәсекелестікке қабілетті, Білім мен өнерге құштар, елінің тарихын білетін, тілін, дінін, әдет ғұрып, салт- санасын қастерлейтін, еңбекқор да, салауатты, адами құндылықтар бойына қалыптасқан, әділетті, қайсар тұлғаны өзін өзі басқарту арқылы қалыптастыру.

***Өзін-өзі басқару ұйымының атқаратын жұмыстары:***

- *Интелектуалды сайыстар өткізу;*
- *Мереке күндерін өткізу;*
- *Мектепішілік газет-журналдар шығару;*
- *Іс-шараларға жауапкершілікпен қатынасу;*
- *Мектеп өміріне атсалыса қатысу*

***Өзін-өзі басқару ұйымының қаулысы:***

***Әр министрлік жыл ішінде жүргізілетін және жүргізілген жұмыс түрлеріне есеп беріп отырады.***

*1.Ұйым үнпарағы ай сайын шығарылып, мектепішілік іс-шаралар талдануы керек.*

2. *Мектеп оқушыларының оқу үлгерімін жақсарту, күнделіктерінің уақытылы толтырылуын бақылау міндеттеліп, оны қатаң қадағалау **Білім министріне** жүктелсін.*
3. *Оқушылардың бой-бас тазалығы,оқу құралдары, сынып тазалығы, мектепке сай киім формасын үнемі бақылауда болуы **Денсаулық министріне** тапсырылсын.*
4. *Оқушылардың танымдық деңгейінің терең болуын қадағалап, соған орай мектепішілік іс-шаралар өткізу **Мәдениет министріне** тапсырылсын.*
5. *Мектеп оқушыларының бос уақытын тиімді пайдалану, денсаулықтарын нығайту, спорт үйірмелеріне оқушыларды тарту **Спорт министріне** тапсырылсын.*
6. *Оқушылар арасына келеңсіз жағдайларды болдырмау,сабаққа қатысу-қатыспауын қадағалап отыру , мектепішілік тәртіпті бақылау **Тәртіп министріне** тапсырылсын.*
7. *Біріңғай талап ережелері 5-8 сынып оқушыларының барлығына міндетті деп саналсын және оқушылар ұйымының осы талаптарды қадағалау **Мектеп президентіне және Мектеп президенті көмекшісіне** тапсырылды*

**Өзін –өзі басқару жұмысындағы құндылықтар:**

- *Адами ар –ождана, иманжүзді азамат қалыптасу*
- *Отбасындағы жауапкершілік*
- *Отан, туған өлкеге құрмет*
- *Денсаулық, салауатты өмір*
- *Еңбек, экономика*
- *Білім , ғылым, өнер*
- *Мәдени мұра, құқық, тарих, шежіре*
- *Тіл шеберлігі, рухани байлық*
- *Достық, жолдастық*

*Көсембай негізгі мектебінің 1 – 9 сынып оқушыларының қатысуымен оқушыларға бюллетень арқылы дауыс беру жұмыстары жүргізіліп, Нәтижесінде төмендегідей белсенділер тағайындалды:*

**Мектеп президенті – Нұрдаулетов.Ш**
**Білім министрлігіне – Нұрақын. Ә**
**Спорт министрі – Аманжолұлы.О**
**Мәдениет министрі – Майданова.А**
**Табиғатты қорғау министрі – Бөкенбай.Э**
**Еңбек министрі – Таңатұлы.М**
**Тазалық және денсаулық министрі – Салихова.Ш**

«Өзін – өзі басқару» ұйымы төмендегі фракциялар бойынша 2022 – 2023 оқу жылында жұмыстар жүргізді:

| Фракция түрлері | Өткізілген жұмыстар саны |
|---|---|
| **ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ ТӘРТІП ФРАКЦИЯСЫ** | 2 |
| **АҚПАРАТ ФРАКЦИЯСЫ (МЕКТЕПТІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ)** | 3 |
| **СПОРТ ЖӘНЕ САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ** | 2 |

| | |
|---|---|
| **ФРАКЦИЯСЫ** | |
| **ӨЗІН-ӨЗІ ТАНУ ЖӘНЕ БАҚЫТ ФРАКЦИЯСЫ** | 7 |
| **ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ФРАКЦИЯСЫ** | 2 |
| **ДЕБАТ ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ ФРАКЦИЯСЫ** | 2 |
| **ЭКОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЕҢБЕК ФРАКЦИЯСЫ** | 12 |
| **МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР (музыкалық, көркем шығармашылық) ФРАКЦИЯСЫ** | 3 |

**Қыркүйек айында өткізілген жұмыстар:**

Оқу жылының басында 1 – 9 сынып білім алушыларымен 2022 – 2023 оқу жылы бойынша Топ басшылырының жиналысы, отырысы өткізілді. Балалар мен жасөспірімдер ұйымдарын дамытудың 2022 – 2023 оқу жылына арнаған іс-шаралар жоспарын әзірленіп және бекітілді. Сынып белсенділері сайланды.

Бала тәрбиесіндегі ата-ананың алатын орнының ерекше екендігін түсіндіру. Жанұядағы ата –анамен баланың арасындағы қарым қатынасты нығайту. Ата –анаға деген бала махаббатын ояту. Мектеп, ұстаз, ата- ана үштігін нығайту. Отбасы мүшелері арасындағы бауырмалдық, қайрымдылық достық қарым –қатынасты қалыптастыру, үлкенді сыйлауға сыпайы, ілтипатты болуға тәрбиелеу мақсатында 1 – 6 – сынып білім алушыларына «Менің сүйікті отбасым» атты тақырыпта сурет көрмесі өткізілді.







Денсаулықтың адам өмір сүруі үшін аса қажеттілігін, оны сақтай білудің адам өміріндегі маңызы, микробтардың ағза қауіптілігін, кір қолдың қандай ауруларға ұшырататынын, жұқпалы аурулардан сақтану жолдарын түсіндіру.Оқушыларды білімділікке, салауаттылыққа өмір сүруге баулу. Оқушылардың өз ойларын айта білуі, өздері ой - түйін жасай білу дағдыларын дамыту. Денесін шыңдауда шымыр да шапшаң ұқыпты да жинақы, ортаны таза ұстап аялауға, өз денсаулығын күте білуге, еңбекқорлыққа тәрбиелеу мақсатында 1 – 5 – сынып білім алушыларымен «Біз денсаулықты таңдаймыз!» атты ауыл мейірбекесімен кездесу өткізілді.





Экоәлем және еңбек тәрбие беру бағыты бойынша мектебімізде 5 – 9 – сынып білім алушыларымен «Менің таза аулам» мектеп ауласын қоқыстан тазарту жұмысы бойынша сенбілік жұмысы өткізілді. 5 – 9 – сынып оқушылары мектеп ауласын

тазартып, бір кісідей жұмыла еңбек етті. Мұндағы басты мақсат: балаларды еңбекке, табиғатты сүюге баулу, ауызбіршіліктерін, достық қарым-қатынастарын арттырып, бір үйдің баласындай болуға тәрбиелеу.

**Қазан айында өткізілген жұмыстар:**

Мектебіміздің «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының» мүшелері ұстаздар күніне орай мектеп мұғалімдеріне өлеңдерін арнап, мерекемен құттықтады. «Біздің құттықтауларымызды қабыл алыңыз» операциясы «Ұстаздар ұлы тұлғалар» ардагер ұстаздарды жариялау (мереклік сувенир, ашық хаттар және ардагер ұстаздарды құттықтау) акциясы өтті.

Мектебіміздің 2022 жылдың қазан айындағы жоспарына байланысты ӨӨБ ұйымының мүшелері «Ұстаздар күніне» орай видеороликтер жасап, әлеуметтік желіге насихатталып жүктелді.. Мектеп ішілік концерттер ұйымдастырылып «Өзін-өзі басқару» ұйымы өздерінің ақ тілектерін, сағыныштарын, мұғалімдерге деген ыстық лебіздерін , құттықтауларын концерт арқылы өлең шумақтарын арнады.

Қазан айында дәстүрлі түрде екі мереке - Қарттар күні мен мұғалімдер күні аталып өтіледі. «Руханият» бөлімі, Мектеп әкімшілігі, педагогикалық құрамы, оқушылар, ата-аналар ұжымдары өз өмірлерінің бір бөлігін мектепке арнаған мұғалімдерді мерекелерімен бейнероликтер арқылы құттықтап, ықыластарын білдіріп, назардан тыс қалдырмады. Халықаралық қарттар күні біздің назарымызды егде жастағы адамдардың қоғамдағы маңызды рөліне аударуға арналған. «Руханият» бөлімі қазан айында рухани адамгершілік бағыты бойынша 1 – 9 – сынып оқушыларымен «Қарттарым, аман сау жүрші» жалғызбасты қарияларға көмектесу іс –шарасы өтті және бейнеролик түсіріліп,әлеуметтік желіге жүктелді.

Ұстаздар күніне орай **05.10.2022ж.** мектеп бойынша Өзін-өзі басқару ұйымы “Дублер”күнін өткізді. Дублер күнінде орай оқушылар мұғалімдердің рөлін сомдады. Өзін-өзі басқару күніне белсенділік танытып, оқушылар бөлініп, сабақтар жүргізді.













25.10.2022 жылы Республика күніне орай, Өзін-өзі басқару ұйымы мектепішілік іс-шараларға белсене қатысып, безендіру жұмыстарына белсене атсалысты.

Мектебімізде Республика күніне орай 1 – 9 – сыныпатар арасында «Менің отаным – Қазақстаным!» мерекелік шарасы өткізілді.






**Қараша айында жүргізілген жұмыстар:**

15 қараша- Ұлттық валютамыз -теңгеміздің туған күні! Тәуелсіздіктің ең басты белгілерінің бірі – Ұлттық теңге! Абылай мен Абайымыз, Шоқан мен Құрманғазы, Сүйінбайлар бейнеленген төл теңгемізді алақандарына аялай ұстап: «А, құдай, жеткіздің бе, ақыры бұл күнге де!»-деп, ақсақалдарын көз жастарымен сулаған абыз қарияларды көргендер қатты толқыған еді сол кезде… Өйткені, Қазақтың төл теңгесінің шығуы экономикалық тәуелсіздіктің басы ғана емес - саяси мәні зор, Азаттықтың айқын белгілерінің бірі болды. Төл теңгеміз айналымға енердің алдында үш күн бұрын 12 карашада Қазақстан Республикасының Президентінің: «Қазақстан Республикасында Ұлттық валюта енгізу туралы» Жарлығы шыққан болатын. Осы мерекеге орай мектебімізде «Теңге – Тәуелсіздік келбеті»; «Ұлттық валютамыз –тәуелсіздігіміздің көрсеткіші» атты 1 – 9 – сынып білім алушыларымен шығармашылық жұмыс өткізілді.Мектеп оқушылары бойына экологиялық мәдениеттілікті қалыптасытыру, табиғатты қорғауға, аялауға шақыру, табиғат байлығын қорғауға шақыру мақсатында «Эко - планета» атты 5 – 9 – сынып оқушыларымен экологиялық марафон өткізілді.




Оқушыларға темекінің адам өміріне зиянды және улы екенін түсіндіре отырып,оқушыларды саналыққа,тазалыққа,салауатты өмір салтын сақтауға тәрбиелеу мақсатында «Біз ,темекісіз Қазақстанды қолдаймыз» атты 1 – 9 – сынып оқушылармен акция жұмысы өтті.




**Желтоқсан айында жүргізілген жұмыстар:**

Оқушылардың жақсылық құндылығы туралы, «жақсы адам» туралы түсініктерін кеңейту және жақсылық пен жамандықтың қатар жүріп адам өмірінде сан қилы белең көрсететінін ұғындыру. Жақсылықтың адам өміріндегі мәні және жақсылық жасаудың қуаныш әкелетіндігін сезіндіру, жақсылықты түсіну, жақсылық жасауға тәрбиелеу мақсатында «Жақсылық жасап жарысайық» атты 5 – 9 – сынып білім алушыларымен акция жұмысы өтті.



Оқушыларға Желтоқсан оқиғасы туралы мағлұмат беру. Желтоқсан оқиғасының қазақ халқының шынайы ұлттық санасының оянуы мен тәуелсіздікке қол жеткізудегі тарихи рөлін көрсету. Желтоқсан құрбандарын еске ала отырып, халық бостандығы мен елдігі үшін күрескен, сол үшін құрбан болған ағалар ерлігіне құрметпен қарауға тәрбиелеу мақсатында 16 желтоқсан Тәуелсіздік күніне орай 1 – 9 – сынып оқушыларымен «Желтоқсан желі ызғарлы» атты салтанатты жиын өткізілді.

   

Оқушыларға жаңа жыл мерекесі туралы түсінік беруге орай, әр баланың жыл сайын асыға күтетін мерекесіне орай «Келдің міне, Жаңа жыл» атты 1 – 9 – сынып оқушыларына арналған мерекелік шара болды.

**Қаңтар айында жүргізілген жұмыстар:**

Өзін өзі тану нағыз адам болудың сыры мен қырын үйретеді. Нағыз адам болу – Отан алдындағы борышынды өтеу, адами қарым-қатынасының, қоршаған ортамен үйлесімділігің.Білім алушының өзін дұрыс түсінуіне, дарындылығы мен қабілеттерін дамытуға, өмірдің мәнін ұғынуға және өмірден өз орнын таба білуге көмектесу. Еліміздің болашақ жас ұрпақтарын жан-жақты дамыту да өзін өзі тану сабақтарының орны ерекше. Әркімнің жан дүниесін тануына, әлемге көз жүгіртіп, мейірімділік жасауға бағыттайды. Сондай ақ, Жақсылық – адамшылықтың белгісі. Әркім өзінің қал-қадері жеткенше жақсылық жасайды. Жақсылық жасау — имандылықтың, тәрбиеліліктің, парасаттылықтың айқын көрінісі. Осы мақсатта «Өзінді тану - өмірді тану» атты 7 – 9 – сынып оқушыларымен пікірталас жұмысы өтті.




Балалардың қыс мезгілінде үйде, көшеде, табиғатта қауіпсіздік ережесін сақтай білу жөніндегі білімдерін бекіту • Ойлау, пайымдау, еске сақтау, логикалық ойлау дағдыларын дамыту; • өз қауіпсіздігіне жауапкершілікпен қарауға, қауіпсіздік ережелерін сақтауға тәрбиелеу мақсатында «Қысқы сыйлық» акциясы атты бастауыш сыныптар арасында сурет байқауы жұмысы өткізілді.



7 – 9 – сынып оқушылары қатысуымен кезекті Топ басшыларының жиналысы және Сабақ үлгеріміне рейд, оқушылардың киім киісі, бой-басы тазалығын тексеру жұмысы өтті.

**Ақпан айында жүргізілген жұмыстар:**
«Жол тәртібін сақтаймыз» тақырыбында Қайыңды ауылдық инспекторымен 5 – 9 – сынып оқушылары арасында кездесу ұйымдастырылды.



Экоәлем және еңбек тәрбие беру бағыты бойынша мектебімізде 5 – 9 – сынып білім алушыларымен «Таза аула» атты мектеп ауласын қоқыстан тазарту жұмысы бойынша бастауыш сыныптары арасында сенбілік жұмысы өткізілді. 1 – 4 – сынып оқушылары мектеп ауласын тазартып, бір кісідей жұмыла еңбек етті. Мұндағы басты мақсат: балаларды еңбекке, табиғатты сүюге баулу, ауызбіршіліктерін, достық қарым-қатынастарын арттырып, бір үйдің баласындай болуға тәрбиелеу.




**Наурыз айында жүргізілген жұмыстар:**

1 наурыз – Алғыс айту күні 1 – 9 – сынып оқушыларымен « Алғысым шексіз!» атты жұмысы өткізілді. Ана бір қолымен бесік тербесе; екінші қолымен әлемді тербейді демекші, асыл да, ардақты ана қадірін білу және ұғындыру мақсатында «Әлем бесігін тербебетін жан - АНА» атты мерекелік концерт мектеп оқушыларымен ұйымдастырылды.





Білім алушылардың өзін өзі басқаруына, жеке тұлға болып қалыптасуына ықпал ету, жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу; оқушылардың сыни ойлау тұрғысынан дамуына, өз пікірін нақты жеткізуге, тұжырымды дәлелдер келтіре білуге үйрету мақсатында «Білім артық па, байлық артық па?» 5 – 9 – сынып оқушыларымен дебат жұмысы өтті

**Сәуір айында өткізілген жұмыстар:**

Табиғат жайлы түсінігін тереңдету, жалпы құстардың пайдасы жайлы мағұлмат беру, барлық тыныс тіршіліктің бастауы, көктемнің ерекшелігін байқату, құстарды қорғау, қарсы алу; Оқушылардың сөздік қорын, сөйлеу мәдениетінің белсенділігін дамыту, құстар өмірінің беймәлім тұстарын айту, жыл мезгілдерінің өзгеруіне сәйкес, тіршіліктің де әртүрлі болатынын дәлелдеу; Отанын жерін, орманын, көлін - табиғатты сүюге, ақ – құстарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу мақсатында 1 - сәуір «Құстар күні» 5 – 9 – сынып оқушыларымен құстар мен табиғатқа көмек макулатурасы ұйымдастырылды .Ұлттық және жалпы азаматтық құндылықтарға сәйкес рухани дүниесі кең тұлғаны қалыптастыру, балалар мен жасөспірімдерді қазақстандық патриотизм рухында тәрбиелеу мақсатында республика бойынша барлық өңірлерде «Жас Ұлан» ұйымының жұмысын жандандыру мақсатында; Жасұландықтардың қоғамдық белсенділіктерін арттыру; Оқушылардың танымдық қоршаған ортаға деген қызығушылықтарын арттыру; Оқушыларды қоғамдық пайдалы шараларға тарту;Балаларды заманға сәйкес дамытып, оларды жаңа қатерлер мен зиянды әрекеттерден қорғау мақсатында «Жас Ұлан» тазалық үшін!» мектеп оқушыларымен сенбілік жұмысы ұйымдастырылды.




Отбасы туралы түсініктерін молайту. «Отан отбасынан басталады», «Отбасы – ошақ қасы» мақалдарының мағынасын ашу. Отбасы мүшелерінің арасындағы сыйластыққа, ізеттілікке, қайырымдылыққа, бауырмалдыққа тәрбиелеу. Оқушыларды ата-ананы сыйлауға, құрметтеуге тәрбиелеу.
Оқушыларға имандылық, инабаттылық қасиеттерін бойына сіңіре өсіру. Адамгершілік қасиет дарытып, танымын кеңейту мақсатында «Отбасыммен бірге өткізген қуанышты күндерім!» 5 – 9 – сынып білім алушыларымен сурет байқауы ұйымдастырылды.




**Мамыр айында өткізілген жұмыстар:**

«Ешкім де, ештеңе де ұмытылмайды» деген қағиданы ұстана отырып, жас ұрпақты тарихымызды тереңнен тануға баулу. Оқушылардың Отан тарихына деген сүйіспеншіліктерін арттыру, жеңіс салтанатын көре алмай кеткен боздақтардың ерлік істеріне тағзым етуге, өз халқымыздың тарихын құрметтей білуге, дүние

жүзіндегі басқа ұлт өкілдерінің достығын нығайтуға тәрбиелеу мақсатында мектеп оқушылармен «Жеңіс туы астында...» атты шығармашылық жұмыстар өтті.



Жанұядағы әке мен бала арасындағы қарым - қатынасты нығайту, ұлттық салт - дәстүрімізге байланысты әке орнының ерекше екендігін ұғындыру, әкеге деген бала махаббатын ояту. Оқушыларды шығармашылық жұмыстарға баулу, өз өнерлерін көрсете білуін қалыптастыру; Әкені құрметтеу, сыйлай білуге дағдыландыру мақсатында «Әке - өмір тірегі» азаматтық қорғаныс күніне арналған мектеп оқушылары арасында әкелермен бірге спорттық шара өтілді.



Мектеп оқушылары бойына экологиялық мәдениеттілікті қалыптасытыру, табиғатты қорғауға, аялауға шақыру, табиғат байлығын қорғауға шақыру мақсатында 5 – 9 – сынып оқушылары арасында «Жас Ұландар» аллеясы атты сенбілік жұмысы ұйымдастырылды.





**Қорытынды.** Біздің мектептің өзін - өзі басқару ұйымы 2022 – 2023 оқу жылының 1 тоқсанының басынан бастап мектептің Парламенті жеткілікті үлкен қоғамдық-ұйымдастырушылық жұмыс атқарғанын атап өткім келеді. Өзін – өзі басқару күшейді және біз көптеген іс-шаралар өткіздік. Біздің парламент іс-шараларды өткізуде тәжірибе жинады; оларды жақсы ойластыруды үйренді; одан да біртұтас болды; басқалардың пікірін тыңдауды, оны бағалауды және тыңдауды үйренді".

Біздің мектепте сыртқы келбеті бойынша рейдтер және оқушылардың сабаққа кешігуін,күнделіктерінің толтырылуы,кітаптардың тазалығы, тексеріліп жүрді. Сондай-ақ, оқушылар арасында тәртіп бұзушылыққа жол бермеу мақсатында түрлі іс – шаралар мен пікір алмасу сабақтары өтті.
Өткізілген әр іс-шара бойынша фото есептер жасап, оларды уақытында тапсырылып, әлеуметтік желілерде жарияланып отырды.

Өзін-өзі басқару ұйымның басты ерекшелігін негізге ала отырып оқушыларда білімге, патриоттыққа, ата – анаға, үлкенге, ұстазға деген құрметтері арта түсті. Оқушылар өздеріне бір үлкен жауапкершілік
артылғанын түсініп үлкен жауапкершілікпен, сол өздеріне жүктелген міндеттерді қуана орындайтындарын жеткізіп жатты.
Сонымен қатар, Қазақстан Республикасындағы « Тәрбие жұмысының кешенді бағдарламасы мен Үздіксіз білім беру жүйесінің тәрбие тұжарамдамасына» сай жас жеткіншектерді Қазақстандық елжандылыққа тәрбиелеудеміз
Өзін - өзі басқару ұйымының бағдарламасы негізінде , сапалы білім, саналы тәрбиенің жан – жақты артуына оқушы, жастар ұйымының белсенділігі артуда. Ұйым белсенділерінің құқығы, міндеті, жауапкершілігі артты.

**Тәлімгер:** **Тәждауов С.Қ**